

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

9. Meyer, Dixie. Selective Serotonin Reuptake Inhibitors and Their Effects on Relationship Satisfaction // The Family Journal. : journal. — 2007. — Vol. 15, no. 4. — P. 392—397. — doi:10.1177/1066480707305470
10. Bamalan OA, Moore MJ, Al Khalili Y. Physiology, Serotonin. StatPearls Publishing.
11. California Institute of Technology. "Settling the debate on serotonin's role in sleep." ScienceDaily. ScienceDaily, 24 June 2019. <www.sciencedaily.com/releases/2019/06/190624173822.htm>.
12. Quinlan M. A. Structural and functional dynamics of serotonin transporter gene variants: Dissertation doctor of philosophy in pharmacology https://ir.vanderbilt.edu/xmlui/bitstream/handle/1803/11365/FINAL_Quinlan_Dissertation.pdf?sequence=1&isAllowed=y
13. Thau L, Gandhi J, Sharma S. Physiology, Cortisol. StatPearls Publishing.
14. Libby Weaver. Accidentally Overweight: The 9 Elements That Will Help You Solve Your Weight-Loss Puzzle. — М.: Альпина Паблишер, 2021. — ISBN 978-5-9614-4031-7.

ӘОЖ 159.9

СТУДЕНТТЕРДІҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА БЕЙІМДІЛІГІ

Серікпай Айдана Хасенқызы

aidanaserikpai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 6В03103-Психология мамандығы бойынша 2 курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші - Айтышева Айгуль Мукатаевна

Кіріспе. Біраз жылдарға жалғасқан зерттеулер барысында рефлексивтілік ұғымы екі жақты болып қарастырылды. Бір жағынан, рефлексивтілік адамның өз өмірінде белсенді ұстанымға (позицияға) ие болу мүмкіндігі болса. Екінші жағынан, рефлексивтілік көбінесе жағымсыз құбылыс ретінде әрекет етеді. Эмпирикалық зерттеулер рефлексивтіліктің депрессиямен, тұлғаның психикалық күйінуімен және мазасыздықпен байланысын растайды [8]. Д.А. Леонтьев пен Е. М. Лаптеваның айтуынша бұл ұғымның екіжақтылығының себебі "рефлексивтілік" тұтас ұғымының әртүрлі құбылыстарды анықтау үшін қолданылатындығымен байланысты [5]. Мысалы: "арефлексия"(заттың сыртқы объектісіне толық назар аудару, Рубинштейн бойынша адамның "алғашқы өмір сүру тәсілі" [4], жүйелік рефлексия (өзіне және айналадағы өмірге оң көзқарас); квази-рефлексия (адамның өмірлік мәселелерді практикалық шешуді көздемейтін өз қиялына назар аударуы). Осылайша, рефлексивтілік біртұтас формация ретінде оң және теріс феноменологиялық спектрде болады. Рефлексивтілік бастапқыда адамның әлемге бейімделуіне және қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етеді. Н.И. Рейнвальд жеке қасиеттердің пайда болуын талдай отырып, қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған мінез-құлық актілерін жүйелі түрде қайталау диспозицияның пайда болуына (оң күшейту жағдайында) және одан әрі іс-әрекетте жеке қасиеттердің қалыптасуына әкелетінін анықтайды [7].

Рефлексивті қарым-қатынас - бұл адамның ішкі әлемін білу мақсатында өзімен қарым-қатынас жасауға деген тұрақты дамыған ұмтылысымен шартталған жеке тұлғаның аутокоммуникациялық қасиеті. Рефлексивті сипаттағы қарама-қарсы ұмтылыс, адамның өзінің рухани әлемін тануына кедергі болатын рефлексивті байланыс. Рефлексивтіліктің дамуы қарым - қатынас пен танымға деген қажеттілікке негізделген. Қарым-қатынас психологиясы барысында "қарым-қатынас - байланыс" ("общительность - контактность") түсініктерінің анықтамасы маңызды [6]. Бұл тұлғалық қасиеттер адамның коммуникативті қасиеттері қатарына жатады. Бірақ олардың ең басты айырмашылығы – қарым-қатынас әрқашан жағымды бағытта болса, ал байланыс, керісінше, эмоционалды теріс болып келеді. Адамның рефлексивті қарым-қатынасының бар екендігін эмпирикалық негіздеу барысында,

2014 жылы И.В. Аношкин жаңа психодиагностикалық әдістеме - *Рефлексивті қарым-қатынас тестін (ТРО)* жасады.

Оның зерттеуіне 134 респондент (оның ішінде 105 әйел және 29 ер адам), Алтай өлкесінің 17-47 жас аралығындағы жоғары оқу орындарының күндізгі және сырттай бөлім студенттері; Тарих, экономика, педагогика, физика, математика, шет тілдері мамандықтары бойынша білім алушылар қатысты. ТРО екі теориялық анықталған шкалаға топтастырылған 25 түпнұсқа тармақтың жиынтығына негізделген: рефлексивті қарым-қатынас және рефлексивті байланыс, сондай-ақ үш сұрақтан тұратын қосымша сенімділік шкаласы [1].

Бұл тақырыпты зерттеу барысында студенттер арасында И.В. Аношкиннің “Рефлексивті қарым-қатынас тесті(ТРО)” атты сауалнамасы жүргізілген болатын [8]. Сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны – 20, қатысушылардың жас аралығы 18-20 жас (40% – 18 жас, 50% – 19 жас, 10% – 20 жас). Сауалнама барысы орыс тілінде және анонимді түрінде жүргізілді. Әр сұрақта төрт жауап нұсқасы болды (1. Жоқ; 2. Бәлкім, жоқ; 3. Бәлкім, иә; 4. Иә). Нәтижесінде студенттердің рефлексивті қарым-қатынас және рефлексивті байланыс шкаласы анықталды.

Сауалнама барысы. Сауалнамаға кіріспес бұрын студенттер өз жынысын таңдау қажет. Келесі этапта қатысушылар 25 тест сұрақтарына жауап беруі тиіс. Барлық сұрақтар адамның ішкі сезімдері мен қарым-қатынасына байланысты. Жоғарыда атап өткендей, үш сұрақтан тұратын қосымша сенімділік шкаласын тексеретін сұрақтар бар, олар сауалнаманың басында, ортасында және соңғы жағында (яғни 1,14,25 сұрақтар).

Сауалнама нәтижелерін зерттеу барысында сауалнамаға қатысушы студенттердің салыстырмалы түрде көп бөлігі сенімділік шкаласын сенімді өткені анықталды (сурет 1).



Сурет 1. Зерттеуге қатысқан студенттердің сенімділік шкаласы бойынша нәтижелері.

Зерттеуге қатысушы студенттердің 8 студент (яғни қатысушылардың 40%-ы) үш сұрақтан тұратын қосымша сенімділік шкаласынан өте алмаған, ал 12 студент сәтті өткен (қатысушылардың 60%-ы).

Келесі кезекте 4 дәрежеде анықталатын рефлексивті қарым-қатынас шкаласы анықталған (сурет 2).



Сурет 2. Зерттеуге қатысқан студенттердің рефлексивті қарым-қатынас шкаласы бойынша нәтижелері.

Біз зерттеу жүргізген топтағы зерттеу нәтижелеріне назар аударсақ, топтағы студенттердің жартысында жоғары рефлексивті қарым-қатынас деңгейі, ал қалған пайызды сәйкесінше төмен, орташадан төмен және орташадан жоғары деңгейлердің бөлгені анықталды. Атап айтқанда, сауалнамаға қатысқан 20 студенттің 10-ы жоғары, 2-уі төмен, 4-уі орташадан төмен және 4-уі орташадан жоғары деген деңгейді көрсетті.

Үшінші кезекте рефлексивті байланыс шкаласы анықталған (сурет 3).



Сурет 3. Зерттеуге қатысқан студенттердің рефлексивті байланыс шкаласы бойынша нәтижелері.

Сурет 3-ке сүйенсек, студенттердің басым бөлігі рефлексивті байланыс орташадан төмен (40%) деңгейінде екендігін байқасақ болады. Және жоғары деңгейде тұрған студенттердің саны да аз емес (30%). Жалпы сауалнамаға қатысқан 20 студенттің 4-уі төмен, 8-і орташадан төмен, 2-уі орташадан жоғары және 6-уы жоғары рефлексивті байланыс деңгейінде екендігі бақыланған.

Рефлексивті қарым-қатынас - бұл адамның ішкі әлемін білу үшін өзімен қарым-қатынасқа деген тұрақты дамыған ұмтылысымен шартталған тұлғаның коммуникативті

қасиеті, оның айрықша ерекшелігі-адамның өзіне деген қарым-қатынасының эмоционалды оң рені. Қарым-қатынастың қарама-қарсы полюсі рефлексивті байланыс болып табылады, ол адамның ішкі әлемін тануына кедергі болып табылады және жеке мазасыздықпен, өзін-өзі қазумен, проблемалардан ақыл-оймен кетумен, эмоцияларға шоғырланумен және олардың белсенді көрінісімен байланысты. Сондай-ақ, рефлексивті қарым-қатынас шкаласы эмоционалды-позитивті рефлексивтілікпен (жүйелік рефлексиямен байланыс) сызықтық байланысты екенін ескеру қажет, ал рефлексивті байланыс қиял, жеке мазасыздық, өзін-өзі кінәлау және ішкі жанжалмен байланысты, ал шкала (аспект) жалпы контекстте субъектінің өзіне деген көзқарасының теріс эмоционалды фондағы тенденциясын айқын көрсетеді.

Рефлексивті қарым-қатынас тесті (ТРО) адамның өзімен қарым-қатынас жасау арқылы өзінің ішкі әлемін білуге деген ұмтылысының дамуын бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеулер нәтижесіне сүйенер болсақ, студенттердің біраз бөлігі бұл сауалнамаға сенім білдірмеген. Рефлексивті қарым-қатынас және рефлексивті байланыс деңгейлеріне тоқталатын болсақ, жалпы алғанда қатысушылардың көбінде жоғары рефлексивті қарым-қатынас деңгейі, ал қатысушылардың 40 пайызында рефлексивті байланыс деңгейі орташадан төмен екендігі анықталды.

Рефлексивтіліктің дамуы қарым-қатынас пен танымға деген қажеттілікке негізделген, бірақ сонымен бірге басқа адамдарға қатысты емес, бірақ өзіне, жеке басына-сұрақ қою және өзінен жауап іздеу (ішкі диалог). Осыған байланысты, кейбір адамдар өздеріне жиі жүгінетінін айтсақ болады, бұл өзімен үнемі диалог жүргізудің дамуына әкеледі (өзімен қарым-қатынас орнату).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. И.В. Аношкин. РАЗРАБОТКА ТЕСТА РЕФЛЕКСИВНОЙ ОБЩИТЕЛЬНОСТИ
2. Аношкин И.В. Индивидуально-психологическая детерминация развития общительности у подростков (на примере воспитанников детского дома): Дисс. ... канд. психол. наук. — Новосибирск, 2008.
3. Леонтьев Д.А., Аверина А.Ж. Рефлексивность как составляющая личностного потенциала // Личностный потенциал: структура и диагностика. — М.: Смысл, 2011. — С. 360—381.
4. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. Человек и мир. — СПб.: Питер, 2003.
5. Леонтьев Д.А., Лаптева Е.М., Осин Е.Н., Салихова А.Ж. Разработка методики дифференциальной диагностики рефлексивности // Рефлексивные процессы и управление. Сб. материалов VII Междунар. симпозиума 15—16 октября 2009 г. — М.: Когито-Центр, 2009.
6. Журавлев А.Л. Роль общительности личности в руководстве коллективом // Психологические исследования общения. — М.: Наука, 1985. — С. 179—191.
7. Рейнвальд Н.И. Личность как предмет психологического анализа. — Харьков: Вища школа, 1974.
8. И. В. Аношкин. Тест рефлексивной общительности: методическое руководство к тесту. Бийск: АГАО им. Шукшина, 2014

УДК 159.9

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ И ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИЧНОСТИ И САМОАКТУАЛИЗАЦИИ В РЕЧИ И ЛИЧНОСТИ

Балтабаева Назерке Шынбайқызы

nazerkw@mail.ru

Студентка 1-го курса по специальности В041-Психология

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель — М.К. Шарипова